

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
«ZHIGER» ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ» ЖШС**

**«КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ПЕДАГОГТІҢ
ЗАМАНАУИ БАҒЫТТАРЫ МЕН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ»
педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Мақсатты аудитория: білім беру
ұйымдарының педагогтері**

Ақтөбе, 2026

МАЗМҰНЫ

1-бөлім	Жалпы ережелер	3
2-бөлім	Глоссарий	4
3-бөлім	Бағдарлама тақырыбы	5
4-бөлім	Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері	6
5-бөлім	Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны	7
6-бөлім	Оқу процесін ұйымдастыру	12
7-бөлім	Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	13
8-бөлім	Оқу нәтижелерін бағалау	14
9-бөлім	Курстан кейінгі қолдау	16
10-бөлім	Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	17

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазіргі таңда еңбек нарығында өз орнын таба алатын білікті кадрларды даярлау мемлекеттік саясаттағы негізгі басым бағыттардың бірі болып табылады. Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялануы білім беру жүйесін жетілдіруге, кадрлар даярлау сапасын арттыруға және еңбек нарығының сұранысына бейімделген адами капиталды қалыптастыруға жаңа серпін беріп отыр. Білім алушылардың мамандықты саналы түрде таңдай білуі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды шарты болып саналады, ал өз кәсібін дұрыс таңдаған мамандар экономикалық өсуге, тұрақты даму мен әлеуметтік тұрақтылыққа тікелей ықпал етеді. Осыған орай, Үкімет бекіткен Жұмысшы мамандықтар жылын өткізу жөніндегі жоспардың жеті бағытының бірі кәсіптік бағдар беру жұмысын дамытуға бағытталған.

Осы мемлекеттік басымдықтарды ескере отырып, «Кәсіптік бағдар беру қызметіндегі педагогтің заманауи бағыттары мен даму стратегиясы» педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы әзірленді. Бағдарлама білім алушыларға кәсіптік бағдар беруді жүйелі түрде ұйымдастыруға, кәсіби іс-шараларды тиімді өткізуге және мамандық таңдау мәселелері бойынша сапалы кеңес беру үшін педагогтердің кәсіби құзыреттерін жетілдіруге бағытталған.

Бағдарламаны әзірлеу барысында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарты, білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы, білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, сондай-ақ білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттардың талаптары негізге алынды. Бұл құжаттар бағдарламаның мазмұндық, құрылымдық және нәтижелік бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бағдарламада халықаралық тәжірибе де кәсіптік бағдар беру жұмысының білім беру жүйесіндегі маңыздылығын айқындалады. OECD-ның *Education 2030: The Future of Education and Skills* құжатында кәсіби бағдар беру білім алушылардың мансаптық дамуын қолдап, саналы кәсіби таңдау жасауға және еңбек нарығының өзгерістеріне бейімделуге мүмкіндік беретін үздіксіз процесс ретінде сипатталады¹.

UNESCO-ның *Reimagining Our Futures Together*² баяндамасында кәсіби бағдарлау білім алушылардың өзін-өзі тануына, жауапты шешім қабылдауына және әлеуметтік әділеттілікті сақтай отырып кәсіби жолын айқындауына жағдай жасайтын құрал ретінде көрсетіледі. Сонымен қатар, ерте жастан бастап жүйелі жүргізілген кәсіби бағдарлау икемді дағдылар (soft skills), сыни ойлау, ынтымақтастық пен өзіндік даму қабілеттерін қалыптастырады.

Сонымен қатар, OECD-ның *Career Guidance for Adults in a Changing*

¹ https://www.oecd.org/education/education-2030/OECD_Education_2030_Position_Paper.pdf

² <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000379707>

World of Work³ аналитикалық шолуында тиімді кәсіптік бағдар беру педагогтердің әдістемелік даярлығына, диагностикалық құралдарды қолдануына, сондай-ақ білім беру ұйымдарының жұмыс берушілермен, жоғары оқу орындарымен және басқа да әлеуметтік серіктестермен өзара іс-қимылына тікелей байланысты екені атап өтіледі. Бұл тәсіл білім алушылардың кәсіби таңдауының саналы әрі негізделген болуына және олардың еңбек нарығына табысты бейімделуіне ықпал етеді.

Осы мемлекеттік және халықаралық ұстанымдарды ескере отырып, бағдарлама мазмұны кәсіптік бағдар беру қызметін жүйелі түрде ұйымдастырудың заманауи талаптарына негізделген. Бағдарлама құрылымы кәсіптік бағдар берудің нормативтік-құқықтық негіздерін, психологиялық-педагогикалық шарттарын, заманауи әдістері мен цифрлық құралдарын, әлеуметтік серіктестік тетіктерін және кәсіптік бағдар беру қызметінің тиімділігін бағалау мәселелерін кешенді түрде қамтитын модульдерден тұрады. Бағдарламада білім алушылардың жас ерекшеліктері мен даму кезеңдеріне сәйкес кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жоспарлау, диагностикалау, іске асыру және талдау бойынша педагогтердің кәсіби әрекетін жетілдіруге басымдық беріледі. Бұл ретте педагогтердің білім алушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтау, мотивациясын қалыптастыру, саналы кәсіби таңдау жасауына жағдай жасау және еңбек нарығындағы өзгерістерді ескере отырып бағыт беру құзыреттерін дамыту көзделеді.

2. ГЛОССАРИЙ

Бағдарламада қолданылатын негізгі ұғымдар мен оның анықтамалары 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте

№	Негізгі ұғымдар	Ұғымдардың анықтамасы
1	Білім беру саласындағы уәкілетті орган	білім беру саласында басшылық пен үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган (https://surl.lt/gahskm)
2	Білім беруді дамытудың тұжырымдамасы	бағдарлама талаптарына сүйенетін мемлекеттік басым құжат (https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249)
3	Жиынтық бағалау	бағдарламаның немесе модульдің қорытынды нәтижелерін бағалау (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005191)
4	Интерактивті оқыту	білім алушылардың бірлескен іс-әрекеті түрінде жүзеге асырылатын таным әдісі, яғни білім беру процесінің барлық қатысушылары өзара әрекеттеседі, қойылған міндеттерді бірлесе шешеді, жағдайларды модельдейді, ақпарат алмасады, әріптестерінің іс-әрекетін әрі өз

³ <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000379707>

		мінез-құлқын бағалайды, проблемаларды шешу жолында іскерлік ынтымақтастықтың шынайы ахуалына енеді (https://clk.li/vPES)
5	Инклюзивті білім беру	ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуі үшін жағдай жасау (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031)
6	Кәсіптік бағдарлау	білім алушыға кәсіби мүддесіне, жеке қабілеттеріне және психолого-педагогикалық ерекшеліктеріне сай мамандық пен оқу орнын саналы таңдауға қолдау көрсету (https://surl.lt/gahskm)
7	Кәсіби құзырет	кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім, білік және дағды, сондай-ақ жеке қасиеттер негізінде кәсіби міндеттер жиынтығын шешу қабілеті (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031)
8	Курстан кейінгі қолдау	педагогтің курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингтеу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы оның кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013420)
9	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС)	Қазақстан Республикасының білім берудің барлық деңгейлерінде білім берудің құрылымына, мазмұнына және нәтижелеріне, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттарына қойылатын міндетті талаптарды айқындайтын нормативтік құжат (https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500035670)
10	Оқыту әдістемелері	оқу үрдісінде заманауи педагогикалық технологияларды енгізу бойынша жалпы әдістемелік ұсынымдар (https://surl.li/kupsbe)
11	Формативті бағалау	оқу үдерісінде білім алушылардың прогресін үздіксіз бағалау жүйесі (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005191)
12	Цифрлық технологиялар	білім беру үдерісін түрлендіру үшін қолданылатын электрондық, ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың жиынтығы (https://surl.cc/oggvzt)

3.БАҒДАРЛАМА ТАҚЫРЫБЫ

Бұл білім беру бағдарламасының жаңашылдығы кәсіптік бағдар беру қызметін жеке іс-шаралар жиынтығы ретінде емес, білім беру ұйымында жүйелі түрде жүзеге асырылатын педагогикалық процесс ретінде қарастыруында. Бағдарлама мазмұны кәсіптік бағдар берудің нормативтік-құқықтық негіздерін, психологиялық-педагогикалық диагностикалау әдістерін және білім алушылардың кәсіби қызығушылықтары мен

бейімділіктерін анықтауға бағытталған практикалық тәсілдерді кешенді түрде қамтиды.

Бағдарламаның ерекшелігі – педагогтердің кәсіби қызметіне тікелей бағытталуы. Оқу мазмұны заманауи педагогикалық әдістер мен құралдарды қолдануға, цифрлық және дәстүрлі тәсілдерді үйлестіруге, сондай-ақ инклюзивті білім беру жағдайында кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыруға негізделген. Сонымен қатар әлеуметтік серіктестік, ата-аналармен өзара әрекеттесу және еңбек нарығындағы өзгерістерді ескеру арқылы білім алушылардың саналы кәсіби таңдауына қолдау көрсетуге басымдық беріледі.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен келісілген біліктілікті арттыру бағдарламаларының мазмұнын талдау барысында тізімдегі бағдарламалардың басым бөлігі жалпы кәсіптік білім беру мәселелерін қамтитыны анықталды. Ал ұсынылып отырған бағдарлама білім беру ұйымдары жағдайында кәсіптік бағдар беру қызметін ұйымдастыру мен жүзеге асыруға, білім алушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтауға және педагогтердің осы саладағы кәсіби құзыреттерін жетілдіруге бағытталған мазмұнымен ерекшеленеді.

Бағдарлама педагогтерге кәсіптік бағдар беру қызметін жүйелі жүргізуге, оның нәтижелерін бағалау және рефлексиялау арқылы кәсіби іс-әрекетін жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бағдарлама аясында педагогтер білім алушылардың болашақ кәсіби бағытын айқындауға бағытталған әдістер мен тәсілдерді тәжірибе жүзінде меңгеріп, практикалық қызметінде қолдана алады.

4. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Бағдарламаның мақсаты: Білім беру ұйымдарында білім алушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтау, кәсіптік бағдар беру қызметін тиімді ұйымдастыру және жүзеге асыру, сондай-ақ заманауи әдістер мен құралдарды қолдану арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттерін жетілдіру.

Міндеттері:

- кәсіптік бағдар беру қызметінің нормативтік құқықтық және тұжырымдамалық негіздерін меңгерту;
- білім алушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін диагностикалаудың психологиялық-педагогикалық әдістерін қолдана білу;
- жеке тұлғаның кәсіби таңдауы мен құндылықтарын үйлестіру қабілеттерін дамыту;
- кәсіптік бағдар беру процесін ұйымдастырудың заманауи әдістері мен цифрлық құралдарын қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестерімен, ата-аналармен және сыртқы ұйымдармен өзара әрекеттесу жолдарын жетілдіру;

- кәсіптік бағдар беру қызметінің тиімділігін бағалау және нәтижелерді рефлексиялау дағдыларын меңгерту.

Күтілетін нәтижелері:

- кәсіптік бағдар беру қызметінің нормативтік құқықтық және тұжырымдамалық негіздерін өз тәжірибесінде тиімді қолдана алады;

- білім алушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін диагностикалаудың психологиялық-педагогикалық әдістерін пайдалана алады;

- жеке тұлғаның кәсіби таңдауы мен құндылықтарын ескере отырып бағыт-бағдар бере алады;

- кәсіптік бағдар беру процесін ұйымдастыруда заманауи әдістер мен цифрлық құралдарды тиімді қолданады;

- білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестерімен, ата-аналармен және сыртқы ұйымдармен өзара әрекеттесу дағдыларын іске асыра алады;

- кәсіптік бағдар беру қызметінің тиімділігін бағалау және нәтижелерді рефлексиялау арқылы кәсіби қызметін жақсарты алады.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

1 модуль Кәсіптік бағдар беру қызметінің нормативтік-құқықтық негіздері мен тұжырымдамалары.

Бұл модуль педагогтерге кәсіптік бағдарлауды білім беру ұйымдарында тиімді ұйымдастыру үшін құқықтық, этикалық және практикалық негіздерді түсінуге мүмкіндік береді. Модульде кәсіптік бағдарлауды реттейтін нормативтік құқықтық актілер, Қазақстан Республикасының заңдары, білім беру стандарттары қарастырылады; сондай-ақ «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын кіріктіру арқылы кәсіптік бағдарлауды жетілдіру жолдары мен Қазақстандағы және халықаралық тәжірибелер талданады. Педагогтер білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен әлеуетін ескере отырып, кәсіби бағдарлау іс-шараларын жоспарлау және өткізу тәсілдерін практикалық қызметте қолдануға бағытталады, құқықтық және этикалық нормаларды сақтай отырып өз кәсіби қызметін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

2 модуль Білім алушылардың кәсіби бағыттарын қалыптастырудағы психологиялық-педагогикалық негіздері.

Бұл модуль педагогтерге білім алушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін диагностикалаудың психологиялық-педагогикалық әдістерін түсінуге, жеке тұлғаның кәсіби таңдауы мен құндылықтарын үйлестіруге, сондай-ақ мотивация және шешім қабылдауға психологиялық бағытталған тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, модуль инклюзивті білім беру жағдайында кәсіптік бағдарлау принциптері мен әдістерін қарастырады, әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін, әлеуетін және әлеуметтік контекстін ескере отырып кәсіби бағытты анықтауға және

дамытуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруға педагогтің мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

3 модуль Кәсіптік бағдар берудің заманауи әдістері мен әдістемелік қамтамасыз етілуі.

Бұл модуль педагогтерге білім алушылардың саналы кәсіби таңдауын қолдау, олардың кәсіби бағыттарын қалыптастыру және мамандыққа қызығушылығын арттыру үшін заманауи әдістер мен құралдарды қолдануға мүмкіндік береді. Модульде педагогтер кәсіби бағдарлау іс-шараларын жоспарлау және ұйымдастырудың теориялық негіздерімен танысады, заманауи тәжірибелер мен қолдау құралдарын - кәсіби тесттер, онлайн-ресурстар, виртуалды экскурсиялар, инфографика мен интерактивті тапсырмалар арқылы іске асыру жолдарын қарастырады. Сонымен қатар, модуль еңбек нарығындағы өзгерістер, сұранысқа ие мамандықтар, технологиялық және әлеуметтік үрдістердің білім алушылардың кәсіби таңдауына әсерін талдауға бағытталған. Педагогтер кәсіби бағдарлау жұмысында ақпараттық ресурстарды тиімді пайдалану, мамандықтар туралы нақты ақпарат беру, білім алушылардың қызығушылықтары мен әлеуетін ескере отырып бағыттау, сондай-ақ заманауи инновациялық және цифрлық құралдарды қолдану арқылы өз кәсіби қызметінде тиімді іс-шаралар ұйымдастыруға бағытталған практикалық әдістерді меңгереді. Модуль педагогке кәсіптік бағдар беру іс-шараларын жүйелі түрде жоспарлауға, орындауға және нәтижелерін бағалауға мүмкіндік беретін әдістемелік материалдар мен тәжірибелік мысалдарды ұсынады, сондай-ақ инновациялық тәсілдер мен цифрлық құралдарды білім беру процесіне интеграциялау жолдарын қамтиды.

4 модуль Әлеуметтік серіктестік және сыртқы субъектілермен өзара іс-қимылы.

Бұл модуль педагогтерге білім беру ұйымдары мен сыртқы серіктестер арасындағы тиімді өзара әрекеттесу механизмдерін түсінуге мүмкіндік береді. Модульде педагогтер жұмыс берушілер, жоғары оқу орындары, колледждер, кәсіби ассоциациялар және ата-аналармен әріптестікті ұйымдастыру принциптерімен танысады. Сонымен қатар, кәсіптік бағдарлау іс-шараларын - мамандық жәрмеңкелері, экскурсиялар, тәжірибелік стажировкалар мен практикалық кездесулерді жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу тәсілдері қарастырылады. Педагогтер сыртқы серіктестермен өзара әрекеттесу арқылы білім алушылардың кәсіби қызығушылықтарын дамытуға, нақты еңбек нарығы талаптарын түсінуге және болашақ мамандыққа саналы таңдау жасауға мүмкіндік беретін тәжірибелерді интеграциялауға бағытталған әдістемелік тәсілдерді меңгереді. Модуль педагогке кәсіби бағдарлау іс-шараларын сыртқы субъектілермен үйлестіріп ұйымдастыру, олардың рөлін тиімді пайдалану және білім алушыларға кәсіптік бағдар беру үдерісінде сапалы қолдау көрсету жолдарын қамтамасыз етеді.

5 модуль Кәсіптік бағдар беру қызметінің тиімділігін бағалау

Бұл модуль педагогтерге кәсіптік бағдар беру іс-шараларының нәтижелілігін бағалау және мониторинг жүргізу тәсілдерін меңгеруге

мүмкіндік береді. Модульде педагогтер кәсіптік бағдар беру бағдарламаларының орындалуын, білім алушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтауды және іс-шаралардың әсерін талдауды ұйымдастыру әдістерімен танысады. Сонымен қатар, модуль білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар беру бағдарламаларын жобалау принциптері мен практикалық тәсілдерін қарастырады, оның ішінде бағдарламаның мақсаттарын анықтау, іс-шараларды жоспарлау, қолданылатын әдіс-тәсілдерді таңдау және бағалау механизмдерін жүйелеу мәселелері қамтылады. Педагогтер курста алған білімдерін өз тәжірибесінде қолдана отырып, кәсіптік бағдарлау іс-шараларын тиімді ұйымдастыруға, нәтижелерін жүйелі бағалауға және бағдарламаны жетілдіруге бағытталған практикалық дағдыларды дамыта алады. Модульдің мазмұны педагогке кәсіби бағдарлау қызметінің сапасын арттыру, білім алушылардың кәсіби таңдауын қолдау және білім беру ұйымында жүйелі тәсілмен бағдарламаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Білім беру процесі бағдарламаның оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылады (3, 4-кесте).

Бағдарламаның оқу жоспары

2-кесте

№	Сабақтардың тақырыптары	Күндізгі оқыту, 8 сағат			Барлығы
		Дәріс	Тәжірибе	Бағалау	
1 модуль Кәсіптік бағдар беру қызметінің нормативтік-құқықтық негіздері мен тұжырымдамалары					
1.1	Кәсіптік бағдар беру қызметінің нормативтік құқықтық негіздері	1	1		2
1.2	«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары арқылы кәсіптік бағдар беруді жетілдіру	1	1		2
1.3	Қазақстандағы кәсіптік бағдар беру тәжірибелері және халықаралық практикалар	1	1		2
2 модуль Білім алушылардың кәсіби бағыттарын қалыптастырудағы психологиялық-педагогикалық негіздері					
2.1	Білім алушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін диагностикалаудың психологиялық-педагогикалық әдістері	2	2		4
2.2	Жеке тұлғаның кәсіби таңдауы мен құндылықтарын үйлестіру	2	2		4
2.3	Мотивация және шешім қабылдауға психологиялық бағытталған әдістер	2	2		4

2.4	Инклюзивті білім беру жағдайындағы кәсіптік бағдарлау	2	2		4
3 модуль Кәсіптік бағдар берудің заманауи әдістері мен әдістемелік қамтамасыз етілуі					
3.1	Білім алушылардың саналы таңдауы мен кәсіптік бағытын қалыптастырудағы қолдау құралдары мен заманауи тәсілдері	2	2		4
3.2	Мамандықтар туралы ақпараттандыру және нарықтағы өзгерістерді түсіндіру	2	4		6
3.3	Кәсіптік бағдар беру жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру әдістері	2	4		6
3.4	Инновациялық әдістер мен цифрлық құралдар педагогтің кәсіби бағдарлау жұмысында	2	4		6
4 модуль Әлеуметтік серіктестік және сыртқы субъектілермен өзара іс-қимылы					
4.1	Жұмыс берушілермен, жоғары оқу орындарымен, колледждермен, ата-аналармен әріптестік	2	2		4
4.2	Кәсіптік бағдарлау іс-шараларын ұйымдастыру (мамандық жәрмеңкелері, экскурсиялар)	2	2		4
4.3	Кәсіпорындармен өзара әрекеттесу модельдері	2	2		4
5 модуль Кәсіптік бағдар беру қызметінің тиімділігін бағалау					
5.1	Кәсіптік бағдарлау нәтижелерін мониторингтеу және рефлексия	2	4		6
5.2	Білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар беру бағдарламаларын жобалау	3	3		6
	Жоба қорғау			4	4
	Барлығы	30	38	4	72

Бағдарламаның оқу жоспары

3-кесте

№	Сабақтардың тақырыптары	Қашықтықтан (онлайн) оқыту, 72 сағат			Барлығы
		Деріс	Тыңдаушының оқытушымен өзіндік жұмысы	Бағалау	
1 модуль Кәсіптік бағдар беру қызметінің нормативтік-құқықтық негіздері мен тұжырымдамалары					

1.1	Кәсіптік бағдар беру қызметінің нормативтік құқықтық негіздері	2			2
1.2	«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары арқылы кәсіптік бағдар беруді жетілдіру	2			2
1.3	Қазақстандағы кәсіптік бағдар беру тәжірибелері және халықаралық практикалар	1	1		2
2 модуль Білім алушылардың кәсіби бағыттарын қалыптастырудағы психологиялық-педагогикалық негіздер					
2.1	Білім алушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін диагностикалаудың психологиялық-педагогикалық әдістері	2	2		4
2.2	Жеке тұлғаның кәсіби таңдауы мен құндылықтарын үйлестіру	2	2		4
2.3	Мотивация және шешім қабылдауға психологиялық бағытталған әдістер	2	2		4
2.4	Инклюзивті білім беру жағдайындағы кәсіптік бағдарлау	2	2		4
3 модуль Кәсіптік бағдар берудің заманауи әдістері мен әдістемелік қамтамасыз етілуі					
3.1	Білім алушылардың саналы таңдауы мен кәсіптік бағытын қалыптастырудағы қолдау құралдары мен заманауи тәсілдері	2	2		4
3.2	Мамандықтар туралы ақпараттандыру және нарықтағы өзгерістерді түсіндіру	3	3		6
3.3	Кәсіптік бағдар беру жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру әдістері	3	3		6
3.4	Инновациялық әдістер мен цифрлық құралдар педагогтің кәсіби бағдарлау жұмысында	4	2		6
4 модуль Әлеуметтік серіктестік және сыртқы субъектілермен өзара іс-қимыл					
4.1	Жұмыс берушілермен, жоғары оқу орындарымен, колледждермен, ата-аналармен әріптестік	3	1		4
4.2	Кәсіптік бағдарлау іс-шараларын ұйымдастыру (мамандық жәрмеңкелері, экскурсиялар)	3	1		4
4.3	Кәсіпорындармен өзара әрекеттесу модельдері	3	1		4
5 модуль Кәсіптік бағдар беру қызметінің тиімділігін бағалау					

5.1	Кәсіптік бағдарлау нәтижелерін мониторингтеу және рефлексия	3	3		6
5.2	Мектепте кәсіптік бағдар беру бағдарламаларын жобалау	3	3		6
	Жоба қорғау			4	4
	Барлығы	40	28	4	72

6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары бағдарламаның оқу жоспарына сәйкес күндізгі және қашықтықтан оқыту нысандарында ұйымдастырылады. Курстың жалпы ұзақтығы - 72 академиялық сағат.

Бағдарламаны іске асыру барысында тыңдаушыларды білім беру үдерісіне белсенді тартуға, тәжірибеге бағдарланған тәсілді меңгеруге және кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған әртүрлі оқу нысандары мен әдістер қолданылады.

Күндізгі оқыту форматы интерактивті нысандар мен әдістерді қамтиды:

- шағын дәрістер: теориялық материалды түсіндіру;
- шығармашылық тапсырмалар мен кейстер: білім алушылардың кәсіптік бағдар беру дағдыларын дамыту;
- әңгімелесу және тренингтік өзара әрекеттесу: тәжірибелік талқылаулар, рөлдік ойындар;
- идеяларды визуалды құрылымдау: миға шабуыл, интеллект карталары, интерактивті тақталар;
- нұсқаулықтар мен интерактивті жұмыс парақтары: практикалық тапсырмаларды орындау және аралық бағалауды жүргізу;
- аралық бағалау және қорытынды жобалық жұмыс: әр модуль бойынша білімді тексеру және жетістіктерді бекіту.

Қашықтықтан оқыту форматы келесі әдістерді қолдануды қамтиды:

- вебинарлар (дәріс): теориялық материалдарды түсіндіру, практикалық тапсырмаларды талқылау, кәсіби тәжірибелерді бөлісу;
- онлайн практикалық жұмыстар: кейстерді шешу, кәсіптік бағдар беру сценарийлерін әзірлеу, интерактивті тапсырмаларды орындау;
- оқытушымен өзіндік жұмыс: тапсырмаларды орындау барысында сұрақ қою, жеке кеңестер алу, жұмыс нәтижесін бекіту;
- кәсіби тәжірибе алмасудың цифрлық алаңы: курс оқытушылары мен тәлімгерлермен тәжірибе алмасу, материалдармен бөлісу, сабақтан тыс талқылаулар жүргізу;
- қашықтықтан аралық бағалау: модуль соңында жобалық тапсырмалар немесе рефлексивті есептер арқылы білім деңгейін тексеру;
- қорытынды жобаны қорғау: топтық немесе жеке жобаларды ұсыну, пікірталас және бағалау;

- онлайн кері байланыс және менторлық қолдау: педагогтерге кәсіби шешімдерді қабылдауда бағыт-бағдар беру, туындаған қиындықтар мен сұрақтарды талқылау.

7. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі педагогтердің білім алушыларға кәсіптік бағдар беруді ұйымдастыру және жүзеге асыру жөніндегі кәсіби құзыреттерін дамытуға, еңбек нарығының заманауи талаптарын ескере отырып білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына жағдай жасауға бағытталған оқу-әдістемелік материалдар кешенін қамтиды.

Бағдарламаны іске асыру барысында келесі оқу-әдістемелік материалдар пайдаланылады:

- бағдарламаның оқу жоспары мен тақырыптық жоспары;
- педагогтерге арналған дәріс, практикалық және интерактивті сабақтардың әдістемелік әзірлемелері;
- білім алушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыруға арналған әдістемелік ұсынымдар;
- білім алушылардың қызығушылығы мен қабілеттерін анықтауға бағытталған диагностикалық құралдарды қолдану жөніндегі материалдар;
- нақты педагогикалық жағдайларға негізделген кейс-тапсырмалар мен практикалық жұмыстар;
- педагогтердің өзіндік жұмысына арналған тапсырмалар мен нұсқаулықтар;
- оқу жетістіктерін бағалауға арналған критерийлер мен құралдар;
- кәсіптік бағдар беру үдерісінде қолданылатын ақпараттық-әдістемелік ресурстар мен цифрлық платформалар.

Курс барысында педагогтер білім алушыларды еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтармен таныстыру, олардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтау, сондай-ақ саналы кәсіби таңдау жасауға бағыттау бойынша әдістемелік тәсілдерді меңгереді. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының электрондық еңбек биржасы <https://enbek.kz/kk>, дағдыларды дамытуға арналған <https://skills.enbek.kz/ru>, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен салалық ұйымдардың ресми интернет-ресурстары (<https://worldskills.kz/>, <https://atameken.kz/>) қосымша оқу-әдістемелік ресурс ретінде қолданылады.

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына және уәкілетті мемлекеттік органның кәсіптік бағдар беру саласындағы әдістемелік ұсынымдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Оқу-әдістемелік материалдар педагогтердің кәсіптік бағдар беру бойынша кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға және нәтижесінде білім

алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына тиімді қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

8. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Бағдарлама бойынша оқу нәтижелерін бағалау педагогтердің кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін және Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу тиімділігін анықтауға бағытталған. Бағалау жүйесі Бағдарламаның мазмұны мен құрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып әзірленіп, оқу үдерісіндегі үздіксіз кері байланыс пен қорытынды бақылауды кешенді түрде қамтамасыз етеді.

Бағдарламада формативті және жиынтық бағалау түрлері қолданылады, олар педагогтердің кәсіби дағдыларының қалыптасу деңгейін және Бағдарламаның мақсатына қол жеткізуін бағалауға мүмкіндік береді. Бағалау педагогтердің практикалық қызметке бағытталған құзыреттерін үздіксіз қадағалауға және жетілдіруге мүмкіндік береді.

Формативті бағалау біліктілікті арттыру курстары барысында жүргізіледі және педагогтердің кәсіби әрекетін қолдауға, түзетуге және жетілдіруге бағытталған. Бұл бағалау кезінде келесі әдістер қолданылады:

- практикалық тапсырмаларды орындауды талдау және талқылау;
- оқытушы тарапынан ауызша және жазбаша кері байланыс беру;
- практикалық жұмыстарды орындау кезінде педагогтердің өзін-өзі және бір-бірін бағалауы;
- педагогикалық жағдаяттар мен кәсіби кейстерді талдау.

Формативті бағалау балл қоюды көздемейді және білім беру үдерісін түзету мен оқу материалын меңгеру сапасын арттыруға бағытталған.

Жиынтық бағалау Бағдарламаны меңгеру аяқталғаннан кейін өткізіледі және барлық модульдер мен тақырыптар бойынша жобалық жұмысты (кәсіптік бағдар беру жол картасы) қорғау түрінде ұйымдастырылады.

Жобалық жұмысты ұйымдастыру және бағалау тәртібі:

Жобалық жұмыс 4–5 тыңдаушыдан тұратын шағын топтарда орындалады. Әр топ білім беру ұйымындағы кәсіптік бағдар беру қызметіне қатысты нақты тақырып бойынша жобалық жұмыс әзірлеп, оны қорғау форматында ұсынады. Жобалық жұмыс тыңдаушылардың курс барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын практикада қолдану деңгейін анықтауға бағытталған және жиынтық бағалау түрі болып табылады.

Жобалық жұмыс келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

- титул парағы (білім беру ұйымының атауы, жоба тақырыбы, әзірлеушілердің тегі, аты-жөні, орындау жылы);
- мазмұны (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер, қосымша);
- кіріспе (тақырыптың өзектілігі, жобаның мақсаты мен міндеттері, қарастырылатын мәселенің қысқаша сипаттамасы);

- негізгі бөлім (таңдалған мәселені талдау, оны шешудің педагогикалық тәсілдері мен әдістерін негіздеу, теориялық және практикалық ұстанымдарды ұсыну);

- қорытынды (жоба нәтижелері, алынған қорытындылар, практикалық ұсыныстар);

- пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

- қосымша материалдар (қажет болған жағдайда).

- презентация (жобаны қорғауға арналған 4-5 беттен тұратын презентация).

Жобалық жұмысты бағалау критерийлері 4-кестеде көрсетілген.

Жобаны бағалау төмендегі көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылады:

№	Бағалау критерийлері	Балл
1	Зерттеу мәселесін тұжырымдау. Мәселенің маңыздылығы мен өзектілігі, жобаның ҚР заңнамасы мен кәсіптік бағдар беру стандарттарына сәйкестігі	
2	Жоба мақсаты мен міндеттерінің тақырыпқа сәйкестігі	
3	Жобаның құрылымдық қисындылығы мен жүйелілігі	
4	Мазмұнның тақырыпты ашу деңгейі және жоспарға сәйкестігі	
5	Жобаның практикалық маңыздылығы және қолдану мүмкіндігі	
6	Заманауи немесе инновациялық тәсілдерді қолдану	
7	Топ мүшелерінің жобаға қатысу белсенділігі	
8	Презентацияның мазмұндылығы мен көрнекілігі	
9	Қорғау барысында қойылған сұрақтарға жауап беру сапасы	
10	Шығармашылық көзқарас	
Жиынтық балл		

Бағалау шкаласы:

- **0 балл** – көрсеткіш орындалмаған;
- **1 балл** – ішінара орындалған;
- **2 балл** – толық орындалған.

Жобалық жұмыс бойынша **ең жоғары балл – 20 балл.**

Баллдарды дәстүрлі бағалау жүйесіне аудару:

Жобалық жұмысты бағалау нәтижелері келесі шкала бойынша интерпретацияланады:

«5» (**өте жақсы**) – 17–20 балл (85–100%);

«4» (**жақсы**) – 14–16 балл (75–84%);

«3» (**қанағаттанарлық**) – 10–13 балл (50–74%).

Жобалық жұмысты қорғау нәтижесінде **ең жоғары балдың кемінде 50%-ын (10 балл және одан жоғары)** жинаған тыңдаушы білім беру бағдарламасын меңгерген деп есептеледі.

9. КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

Бағдарламаның тыңдаушыларына курстан кейінгі қолдау аясында кәсіптік бағдар беру және педагогтің кәсіби қызметін дамыту мақсатында курс барысында алған білімдерін жұмыс тәжірибесінде қолдануға және оқыту нәтижелерін бекітуге мүмкіндік беріледі. Бұл қолдау білім беру ұйымдарының педагогтеріне бағытталған және курсты аяқтағаннан кейін бір академиялық жыл ішінде жүзеге асырылады.

Курстан кейінгі қолдау келесі нысандарда ұйымдастырылады:

1. Әдістемелік кеңес беру

Педагогтерге курста қарастырылған тақырыптар бойынша нақты әдістемелік түсіндірмелер мен ұсынымдар беріледі. Педагогтерге кәсіптік бағдар беру іс-шараларын жоспарлау және өткізу бойынша нақты кеңестер ұсынылады. Білім беру ұйымының тәрбие және оқыту үдерісінде туындаған сұрақтарға әдістемелік көмек көрсетіледі. Қиындықтар туындаған жағдайда педагогтерге кәсіптік бағдар беру қызметін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін нақты мысалдар, үлгілер және цифрлық ресурстар арқылы қолдау ұсынылады.

2. Кәсіптік бағдар беру бойынша жол картасын жасау және жетілдіру

Педагогтер жол картасын жоба қорғау барысында әзірлейді. Жол картасы педагогке білім алушылардың кәсіби қызығушылықтарын анықтау, іс-шараларды жүйелі жоспарлау және өткізу үшін нақты қадамдарды береді. Жол картасы құрамында мақсаттар, іс-шаралар, қолданылатын құралдар және бағалау мен жетілдіру элементтері қарастырылады. Курс аяқталғаннан кейін педагог жол картасын тәжірибе барысында жетілдіреді, нәтижелерін талдайды және әдістемелік ұсынымдар алады. Осы арқылы педагог кәсіптік бағдар беру іс-шараларын жүйелі және тиімді түрде іске асыра алады.

3. Рефлексия және тәжірибе талдау

Педагогтер өткізген іс-шаралар мен жол картасы бойынша қысқаша рефлексивті есеп дайындайды. Әр тыңдаушы өз өткізген іс-шаралары туралы рефлексивті есеп жазады, онда не сәтті өткенін, не сәтсіз болғанын және болашақта қалай жақсартуға болатынын көрсетеді. Есеп педагог тарапынан бағаланып, курстан кейінгі қолдау шеңберінде әдістемелік консультациялар, онлайн кездесулер, семинарлар арқылы педагогке тұрақты көмек және ұсынымдар беріледі. Осы тәсіл арқылы кәсіптік бағдар беру іс-шаралары жетілдіріледі және педагог өз тәжірибесін жүйелі түрде дамыта алады.

4. Онлайн-кездесулер және семинарлар

Педагогтер онлайн-кездесулер мен семинарларға қатысады, онда кәсіби қиындықтар талқыланады, тәжірибе алмасу және тиімді әдістер

қарастырылады. Кездесулер педагогтерге жол картасын іске асыру, іс-шараларды ұйымдастыру және білім алушыларға кәсіптік бағдар беру бойынша нақты көмек береді. Онлайн-кездесулер консультативтік-әдістемелік сипатқа ие болып, педагогтің кәсіби қызметін дамытуға бағытталады. Осы тәсіл педагогке жаңа әдістерді тәжірибеде қолдануға және кәсіби шеберлігін арттыруға мүмкіндік береді.

5. Оқу-әдістемелік материалдарға қолжетімділік

Педагогтерге курста қолданылған презентациялар, практикалық тапсырмалар және әдістемелік ұсынымдар қолжетімді болады. Бұл материалдар педагогтің кәсіптік бағдар беру іс-шараларын ұйымдастыруда, тренингтер мен шеберлік сабақтарын өткізу кезінде көмекші құрал ретінде пайдаланылады. Осы қолдау педагогке іс-шараларды тиімді жоспарлауға және өткізілген жұмысты жетілдіруге мүмкіндік береді. Аталған барлық курстан кейінгі қолдау нысандары педагогтің кәсіптік бағдар беру іс-шараларын жүйелі жүргізуіне, білім алушылардың кәсіби қызығушылықтарын қалыптастыруға және өз кәсіби тәжірибесін тұрақты түрде жетілдіруге мүмкіндік береді.

10. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Нормативтік әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы (2023 жылғы өзгерістер мен толықтыруларымен) [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz>

2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500035670>

3. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz>

4. «Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz>

5. «Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы [Электронды ресурс]. –

Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz>

6. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020567#z1>

7. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013420>

Негізгі әдебиеттер

1. Кәсіптік бағдар беру әдістемелерін бейімдеу және валидациялау бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2025. – 65 б.

2. Орта білім беру ұйымдарындағы педагог-кәсіби бағдар берушілерге арналған әдістемелік нұсқаулық. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2025. – 86 б.

3. Орта білім беру ұйымдарындағы кәсіптік бағдар беру жұмысының мониторингі. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2025. – 160 б.

4. Білім алушылардың отбасыларымен мектептердің ынтымақтастық формалары мен әдістерін енгізу және кеңейту бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2025. – 202 б.

5. Орта білім беру ұйымдарындағы кәсіптік бағдар беру жұмысының моделін енгізудің пилоттық кезеңін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2025. – 166 б.

6. Мукашева А. Б. Профессиональное самоопределение старшеклассников в контексте опыта школ по профориентации: научное издание / А. Б. Мукашева. - монография. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 108 с.

7. Ахметова, С. К. Методы профориентации: от теории к практике. Алматы, 2022.

8. От ранней профориентации к выбору профессии инженера - формирование престижа профессии инженера у современных школьников: сборник статей II (VII) Всероссийской очно-заочной научно-практической конференции с международным участием в рамках Петербургского международного образовательного форума Международной очно-заочной научно-практической конференции. В 2-х частях. – Санкт-Петербург, 2019.

9. Профориентация: вперёд в будущее : сборник работ педагогических работников образовательных организаций всех типов, представителей общественных организаций и объединений, предметом деятельности которых

является содействием профессиональному самоопределению обучающихся : в рамках проведения Всероссийской конференции «Профориентация: вперед в будущее, 18 января - 28 февраля 2021 г. / АОО «Профессионал», ОК Всероссийской конференции «Профориентация: вперед в будущее». - Самара: Инсома-пресс, 2021. - 250 с.

10. Серякина, А. В. Организация профориентационной работы с детьми-инвалидами и лицами с ОВЗ: учебно-методическое пособие / А. В. Серякина, О. Г. Петрович; Министерство образования Саратовской области, Государственное автономное учреждение дополнительного профессионального образования «Саратовский областной институт развития образования». - Саратов: ГАУ ДПО «СОИРО», 2018. - 84 с.

11. Концепция развития профориентационной работы в средних образовательных организациях Республики Казахстан. - Астана: Национальная академия образования имени И. Алтынсарина, 2022. - 64 с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Березовская, И. Ю. Современные подходы к профориентационной работе в школьном образовании. Санкт-Петербург: Невский университет, 2021.

2. Anticipating and Preparing for Emerging Skills and Jobs Brajesh Panth Rupert Maclean, Key Issues, Concerns, and Prospects / Joan DeJaeghere Erin Murphy-Graham. – Springer, 2020. - URL: <https://link.springer.com/content/pdf/10.1007%2F978-981-15-7018-6.pdf>

3. Акимова, Л. А. Профессиональная ориентация и ее роль в современной образовательной системе. Москва: Издательство «Академия», 2020.

4. Петренко, С. В. Теория и практика профессиональной ориентации в школьной системе. Минск: Беларуская навука, 2021.

Интернет дереккөздері

1. European Lifelong Guidance Policy Network (ELGPN) URL: <https://www.elgpn.eu/> Описание: Европейская сеть, работающая над развитием политики профессиональной ориентации в странах Европы. На сайте представлены рекомендации и исследовательские работы по вопросам профориентации на разных уровнях образования.

2. Электрондық еңбек биржасы <https://enbek.kz/kk>.

3. Еңбек нарығына қажетті дағдыларды дамытуға арналған онлайн-платформа, білім алушылар мен педагогтерге кәсіби қабілеттерді арттыруға арналған интерактивті ресурстар мен тесттер ұсынылады <https://skills.enbek.kz/ru>.

4. Қазақстандағы WorldSkills қозғалысының ресми сайты, онда заманауи кәсіби стандарттар, шеберлік байқаулары мен кәсіптік бәсекелестікті дамыту тәжірибелері туралы ақпарат беріледі <https://worldskills.kz/>.

5. Атамекен ҰҚП-ның ресми порталы, кәсіпкерлік орта мен еңбек нарығындағы талаптар, жұмыс берушілер сұранысы мен кәсіби бағдарлау саласындағы серіктестік мүмкіндіктер туралы толық ақпарат ұсынады <https://atameken.kz/>.